



17-сурет. Дезинтегратор жұмысының принципалды сұлбасы

1,2-саусақтары ар дискілер; 3-саусақтар; 4-енгізу науасы;  
5-электрқозғалтқыш; 6-материал бөлшектері.

Бұрғылау сұйықтығының қасиеттерін реттеуді саз ұнтағына арнайы қасиеттерді беру арқылы ғана емес, бұрғылау сұйықтығына арнайы қасиеттерді беру немесе бұрғылау ерітіндісін әртүрлі активаторларда өңдеу арқылы жүзеге асыруға болады.

Ең көп тараған шар тәрізді үккішке қарағанда дезинтегратордың артықшылықтары: өнімділігі 30 т/сағ дейінгі кезінде көп компонентті қоспа дайындау бойынша дезинтегратор массаы 1,0-1,5 тонна құрайды, ал пайдалану қуаты – 250кВт, ал шар тәрізді үккіштің массасы 130 т және пайдалану қуаты 500кВт.

## 2.5 Тәжірибе жүргізудің әдістемесі

Сазды ерітінділерді дайындау процесі кезінде қатты фазаның біріншілік диспергациясы жүреді. Ал фазаның дисперстілігі саздың қасиетіне, бөлшектің бастапқы көлеміне, ұнтақтау уақыты мен ұнтақтау тәсіліне тікелей байланысты. Әдетте ерітіндіні дайындау кезінде, диспергация процесі толығымен жүрмейді. Бастапқы дисперциялық жүйеде қатты фаза бөлшектерінің агрегаттары көбінесе мөлшерде майда дисперсті болып келеді. Жүктемелердің әсерінен агрегаттар бұлініп аса ұсақ бөлшектер түзеді, ал ол өз кезегінде қаттылықтың адсорбциялау қабілеттілігі төмендеуінен және